

Жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялау үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 28 маусымдағы № 404 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 27 шілдеде № 15384 болып тіркелді.

РҚАО-ның ескертпесі

Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

"Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 5-тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 24 сәуірдегі № 387 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 643-6) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 05.05.2026 № 289 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялауы үшін жылдық қаржылық есептілік тізбесі;

2) жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялауы үшін жылдық қаржылық есептілік нысандары:

осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Бухгалтерлік баланс" нысаны;

осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Пайда мен шығындар туралы есеп" нысаны;

осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс)" нысаны;

осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп (жанама әдіс)" нысаны;

осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес "Капиталдағы өзгерістер туралы есеп" нысаны бекітілсін.

2. "Жария мүдделі ұйымдардың (қаржылық ұйымдарынан басқа) жариялауы үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі мен нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 27 ақпандағы № 143 (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10641 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 18 мамырда жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп және аудит әдіснамасы департаменті (А.Т. Бектұрова) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап он күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін баспа және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпараттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін баспа басылымдарына ресми жариялауға жолдауды;

4) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитетінің төрағасы
_____ Н. Айдапкелов

27 маусым 2017 жыл

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 28 маусымдағы
№ 404 бұйрығына
1-қосымша

Жария мүдделі ұйымдардың (қаржы ұйымдарынан басқа) жариялауы үшін жылдық қаржылық есептіліктің тізбесі

№	Жылдық қаржылық есептіліктің атауы
1	Бухгалтерлік баланс
2	Пайдалар мен залалдар туралы есеп
3	Ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есеп (тікелей әдіс немесе жанама әдіс)
4	Капиталдағы өзгерістер туралы есеп
5	Түсіндірме жазба (ашылу халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес жүзеге асырылады)

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің

Қысқа мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржы активтері	013		
Қысқа мерзімді туынды қаржы құралдары	014		
Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері	015		
Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	016		
Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек	017		
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді активтер	018		
Ағымдағы табыс салығы	019		
Қорлар	020		
Биологиялық активтер	021		
Өзге де қысқа мерзімді активтер	022		
Қысқа мерзімді активтердің жиыны (010-022 аралығындағы жолдардың сомасы)	100		
Сатуға арналған активтер (немесе істен шыққан топтар)	101		
II. Ұзақ мерзімді активтер			
Ұзақ мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржылық активтер	110		
Ұзақ мерзімді өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржы активтері	111		
Ұзақ мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржы активтері	112		
Ұзақ мерзімді туынды қаржы құралдары	113		
Бастапқы құны бойынша есепке алынатын инвестициялар	114		
Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар	115		
Өзге де ұзақ мерзімді қаржы активтері	116		
Ұзақ мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек	117		
Жалдау бойынша ұзақ қысқа мерзімді дебиторлық берешек	118		
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша ұзақ мерзімді активтер	119		
Инвестициялық мүлік	120		
Негізгі құралдар	121		
Пайдалану құқығы нысанындағы актив	122		
Биологиялық активтер	123		
Барлау және бағалау активтері	124		

Материалдық емес активтер	125		
Кейінге қалдырылған салықтық активтер	126		
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	127		
Ұзақ мерзімді активтердің жиыны (110-127 аралығындағы жолдардың сомасы)	200		
Баланс (100-жол + 101-жол + 200-жол)			
Міндеттеме және капитал	Жол коды	Есепті кезеңнің аяғында	Есепті кезеңнің басында
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер			
Амортизациялық құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	210		
Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	211		
Қысқа мерзімді туынды қаржы құралдары	212		
Өзге де қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	213		
Қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек	214		
Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері	215		
Табыс салығы бойынша ағымдағы салық міндеттемелері	216		
Қызметкерлерге сыйақылар	217		
Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек	218		
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер	219		
Мемлекеттік субсидиялар	220		
Төленетін дивидендтер	221		
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	222		
Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны (210-222 аралығындағы жолдардың сомасы)	300		
Сатуға арналған істен шыққан топтардың міндеттемелері	301		
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер			
Амортизациялық құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	310		
Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	311		
Ұзақ мерзімді туынды қаржы құралдары	312		
Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер	313		

Ұзақ мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек	314		
Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері	315		
Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер	316		
Қызметкерлерге берілетін сыйақылар	317		
Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешек	318		
Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер	319		
Мемлекеттік субсидиялар	320		
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	321		
Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны (310-321 аралығындағы жолдың сомасы)	400		
V. Капитал			
Жарғылық (акционерлік) капитал	410		
Эмиссиялық кіріс	411		
Сатып алынған меншікті үлестік құралдар	412		
Өзге жиынтық табыстың құрауыштары	413		
Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)	414		
Өзге капитал	415		
Меншік иелеріне тиесілі капиталдың жиыны (410- 415 аралығындағы жолдардың сомасы)	420		
Бақыламайтын меншік иелерінің үлесі	421		
Капиталдың барлығы (420-жол + 421-жол)	500		
Баланс (300-жол + 301-жол + 400-жол + 500-жол)			
Атауы _____	Мекенжайы _____		
_____	_____		
_____	_____		

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы

_____ (қолы) (тегі)

, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Бас бухгалтер

_____ (қолы) (тегі)

, аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Мөр орыны _____ жылғы " ____ " _____

"Бухгалтерлік баланс" (№ 1-Б, жылдық) өтеусіз негізде әкімшілік деректер жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1) "Бухгалтерлік баланс" нысаны "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 5-тармағының 18-1) тармақшасына сәйкес әзірленді;

2) "Бухгалтерлік баланс" нысанын жария мүдделі ұйымдар қаржы жылының нәтижелері бойынша бағдарламалық қамтылым арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне береді. "Бухгалтерлік балансқа" ұлттық куәландырушы орталық берген ұйымның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылады. Қаржылық есептілік депозитарийіне берілетін есептің электрондық форматы оны құрылтайшылар бекіткеннен кейін қалыптастырылады және есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей ұсынылады. Осы нысанды жүргізудің негізгі міндеті "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының заңнамасының сақталуына мониторингті жүзеге асыру болып табылады;

3) Нысан мынадай түрде толтырылады:

"Көрсеткіштер атауы" деген бағанда мыналар көрсетіледі:

"Активтер" деген бағанда:

I. Қысқа мерзімді активтер:

010 "Ақша қаражаты және оның баламалары" деген жолда Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2007 жылғы 23 мамырдағы № 185 бұйрығымен бекітілген Бухгалтерлік есеп шоттарының үлгілік жоспарының (бұдан әрі – ШҮЖ), Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізімінде тіркелген, 2007 жылғы 29 маусымда № 4771 болып тіркелген 1000 – "Ақша қаражаты" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

011 "Қысқа мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржылық активтер" деген жолда ШҮЖ 1100 – "Қысқа мерзімді қаржы активтер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

012 "Қысқа мерзімді өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер" деген жолда ШҮЖ 1100 – "Қысқа мерзімді қаржы активтер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

013 "Қысқа мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер" деген жолда ШҮЖ 1100 – "Қысқа мерзімді қаржы активтер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

014 "Қысқа мерзімді туынды қаржы құралдары" деген жолда ШҮЖ 1100 – "Қысқа мерзімді қаржы активтер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

015 "Өзге де қысқа мерзімді қаржы активтері" деген жолда ШҮЖ 1100 – "Қысқа мерзімді қаржы активтер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша алдыңғы жолдарда көрсетілмеген сальдо сомасы көрсетіледі;

016 "Қысқа мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек" деген жолда ШҮЖ 1200 – "Қысқа мерзімді дебиторлық берешек" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

017 "Жалдау бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" деген жолда ШҮЖ 1200 – "Қысқа мерзімді дебиторлық берешек" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

018 "Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді активтер" деген жолда ШҮЖ 1200 – "Қысқа мерзімді дебиторлық берешек" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

019 "Ағымдағы табыс салығы" деген жолда ШҮЖ 1410 – "Корпоративтік табыс салығы" шоты бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

020 "Қорлар" деген жолда ШҮЖ 1300 – "Қорлар" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

021 "Биологиялық активтер" деген жолда ШҮЖ 1600 – "Биологиялық активтер" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

022 "Өзге де қысқа мерзімді активтер" деген жолда ШҮЖ "Қысқа мерзімді активтер" 1-бөлімінің тиісті шоттары бойынша (1500 – "Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер" деген кіші бөлімнің шоттарын қоспағанда) алдыңғы жолдарда көрсетілмеген сальдо сомасы көрсетіледі;

100 "Қысқа мерзімді активтердің жиыны" деген жолда мәні 010-022 аралығындағы жолдардың сомасына тең;

101 "Сатуға арналған активтер (немесе істен шыққан топтар)" деген жолда ШҮЖ 1500 – "Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі.

II. Ұзақ мерзімді активтер:

110 "Ұзақ мерзімді амортизациялық құнмен бағаланған қаржылық активтер" деген жолда ШҮЖ 2000 – "Ұзақ мерзімді қаржы активтері" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

111 "Ұзақ мерзімді өзге жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер" деген жолда ШҮЖ 2000 – "Ұзақ мерзімді қаржылық активтер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

112 "Ұзақ мерзімді пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланған қаржылық активтер" деген жолда ШҮЖ 2000 – "Ұзақ мерзімді қаржы активтері" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

113 "Ұзақ мерзімді туынды қаржы құралдары" деген жолда ШҮЖ 2000 – "Ұзақ мерзімді қаржы активтері" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

114 "Бастапқы құны бойынша есепке алынатын инвестициялар" деген жолда жеке қаржылық есептілік үшін ШҮЖ 2200 – "Инвестициялар" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

115 "Үлестік қатысу әдісімен есепке алынатын инвестициялар" деген жолда ШҮЖ 2200 – "Инвестициялар" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

116 "Өзге ұзақ мерзімді қаржы активтері" деген жолда ШҮЖ 2000 – "Ұзақ мерзімді қаржы активтері" деген кіші бөлімнің және 2200 – "Инвестициялар" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша алдыңғы жолдарда көрсетілмеген сальдо сомасы көрсетіледі;

117 "Ұзақ мерзімді сауда және өзге де дебиторлық берешек" деген жолда ШҮЖ 2100 – "Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

118 "Жалдау бойынша ұзақ қысқа мерзімді дебиторлық берешек" деген жолда ШҮЖ 2100 – "Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

119 "Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша ұзақ мерзімді активтер" деген жолда ШҮЖ 2100 – "Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

120 "Инвестициялық мүлік" деген жолда ШҮЖ 2300 – "Инвестициялық мүлік" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

121 "Негізгі құралдар" деген жолда ШҮЖ 2400 – "Негізгі құралдар" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

122 "Пайдалану құқығы нысанындағы актив" деген жолда ШҮЖ 2400 – "Негізгі құралдар" деген кіші бөлімнің және 2700 – "Материалдық емес активтер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

123 "Биологиялық активтер" деген жолда ШҮЖ 2500 – "Биологиялық активтер" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

124 "Барлау және бағалау активтері" деген жолда ШҮЖ 2600 – "Барлау және бағалау активтері" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

125 "Материалдық емес активтер" деген жолда ШҮЖ 2700 – "Материалдық емес активтер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

126 "Кейінге қалдырылған салықтық активтер" деген жолда ШҮЖ 2800 – "Кейінге қалдырылған салықтық активтер" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

127 "Өзге де ұзақ мерзімді активтер" деген жолда ШҮЖ "Ұзақ мерзімді активтер" 2-бөлімінің тиісті шоттары бойынша алдыңғы жолдарда көрсетілмеген сальдо сомасы көрсетіледі;

200 "Ұзақ мерзімді активтердің жиыны" деген жолда мәні 110-127 аралығындағы жолдардың сомасына тең;

"Баланс" деген жолда мәні 100, 101 және 200-жолдардың сомасына тең.

"Міндеттеме және капитал" деген жолда:

III. Қысқа мерзімді міндеттемелер:

210 "Амортизациялық құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер" деген жолда ШҮЖ 3000 – "Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

211 "Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер" деген жолда ШҮЖ 3000 – "Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер" деген тиісті шоттар бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

212 "Қысқа мерзімді туынды қаржы құралдары" деген жолда ШҮЖ 3000 – "Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер" деген тиісті шоттар бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

213 "Өзге де қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер" деген жолда алдыңғы жолдарда көрсетілмеген ШҮЖ 3000 – "Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

214 "Қысқа мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек" деген жолда ШҮЖ 3300 – "Қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

215 "Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері" деген жолда ШҮЖ 3400 – "Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

216 "Табыс салығы бойынша ағымдағы салық міндеттемелері" деген жолда ШҮЖ 3110 – "Төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы" шоты бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

217 "Қызметкерлерге сыйақылар" деген жолда ШҮЖ 3300 – "Қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген кіші бөлімнің және 3400 – "Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

218 "Жалдау бойынша қысқа мерзімді берешек" деген жолда ШҮЖ 3300 – "Қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

219 "Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер" деген жолда ШҮЖ 3500 – "Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

220 "Мемлекеттік субсидиялар" деген жолда ШҮЖ 3500 – "Өзге қысқа мерзімді міндеттемелер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі ;

221 "Төленетін дивидендтер" деген жолда ШҮЖ 3300 – "Қысқа мерзімді кредиторлық берешек" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

222 "Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер" деген жолда онда ШҮЖ алдыңғы жолдарда көрсетілмеген "Қысқа мерзімді міндеттемелер" 3-бөлімінің тиісті шоттары бойынша (3110 – "Төленуі тиіс корпоративтік табыс салығы" және 3530 – "Сатуға арналған шығаруға топ міндеттемелері" шотын қоспағанда) сальдо сомасы көрсетіледі;

300 "Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны" деген жолда мәні 210- 222 аралығындағы жолдардың сомасына тең;

301 "Сатуға арналған істен шыққан топтардың міндеттемелері" деген жолда ШҮЖ 3530 – "Сатуға арналған шығаруға топ міндеттемелері" шоты бойынша сальдо сомасы көрсетіледі.

IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер:

310 "Амортизациялық құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер" деген жолда ШҮЖ 4000 – "Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

311 "Пайда немесе залал арқылы әділ құнмен бағаланатын ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер" деген жолда ШҮЖ 4000 – "Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

312 "Ұзақ мерзімді туынды қаржы құралдары" деген жолда ШҮЖ 4000 – "Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

313 "Өзге де ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер" деген жолда алдыңғы жолдарда көрсетілмеген ШҮЖ 4000 – "Ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

314 "Ұзақ мерзімді сауда және өзге де кредиторлық берешек" деген жолда ШҮЖ 4100 – "Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

315 "Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері" деген жолда ШҮЖ 4200 – "Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

316 "Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер" деген жолда ШҮЖ 4300 – "Кейінге қалдырылған салықтық міндеттемелер" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

317 "Қызметкерлерге берілетін сыйақылар" деген жолда ШҮЖ 4100 – "Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" деген кіші бөлімнің және 4200 – "Ұзақ мерзімді

бағалау міндеттемелері" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

318 "Жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешек" деген жолда ШҮЖ 4100 – "Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

319 "Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер" деген жолда ШҮЖ 4400 – "Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

320 "Мемлекеттік субсидиялар" деген жолда ШҮЖ 4400 – "Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі ;

321 "Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер" деген жолда онда алдыңғы жолдарда көрсетілмеген ШҮЖ "Ұзақ мерзімді міндеттемелер" 4-бөлімінің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

400 "Ұзақ мерзімді міндеттемелердің жиыны" деген жолда мәні 310-нан бастап 321-ді қоса алғандағы жолдардың сомасына тең.

V. Капитал:

410 "Жарғылық (акционерлік) капитал" деген жолда ШҮЖ 5000 – "Жарғылық капитал" және 5100 – "Төленбеген капитал" деген кіші бөлімдердің шоттары бойынша сальдо айырмасы көрсетіледі;

411 "Эмиссиялық кіріс" деген жолда ШҮЖ 5300 – "Эмиссиялық кіріс" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

412 "Сатып алынған меншікті үлестік құралдары" деген жолда ШҮЖ 5200 – "Сатып алынған меншікті үлестік құралдар" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

413 "Өзге жиынтық табыстың құрауыштары" деген жолда ШҮЖ 5500 – "Резервтер" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

414 "Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)" деген жолда ШҮЖ 5600 – "Бөлінбеген пайда (жабылмаған залал)" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

415 "Өзге капитал" деген жолда алдыңғы жолдарда көрсетілмеген ШҮЖ "Капитал мен резервтер" 5-бөлімінің тиісті шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

420 "Меншік иелеріне тиесілі капиталдың жиыны" деген жолда мәні 410-415 аралығындағы жолдардың сомасына тең.

421 "Бақыламайтын меншік иелерінің үлесі" деген жолда бақыламайтын меншік иелерінің үлесі көрсетіледі;

500 "Капиталдың барлығы" деген жолда мәні мынаған тең: 420-жол + 421-жол.

"Баланс" деген жолда мәні мына жолдардың сомасына тең: 300, 301, 400 және 500.

"Жол коды" деген бағанда жолдың коды көрсетіледі.

"Есепті кезеңнің аяғында" деген бағанда есепті кезеңнің аяғындағы сома мың теңгемен көрсетіледі.

"Есепті кезеңнің басында" деген бағанда есепті кезеңнің басындағы сома мың теңгемен көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2017 жылғы 28 маусымдағы
№ 404 бұйрығына
3-қосымша
Нысан

Пайдалар мен залалдар туралы есеп 20__ жылғы есепті кезең

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 05.05.2026 № 289 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ұсынылады: бағдарламалық қамтамасыз ету арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысан интернет – ресурста орналастырылған: www.minfin.gov.kz

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанның индексі (нысан атауының қысқаша әріптік-цифрлық көрінісі): № 2 – ПЗЕ

Кезеңділік: мерзімділік

Есепті кезең: 20__ жыл

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын адамдар тобы: жария мүдделі ұйымдар (қаржы ұйымдарынан басқа)

Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсыну мерзімі: жыл сайын есепті кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей

Ескертпе: есепті толтыру бойынша түсіндіру "Пайдалар мен залалдар туралы есеп" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада келтірілген

Бизнес-сәйкестендіру нөмірі

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

Жинау әдісі: қағаз жеткізгіште және электронды түрде

Ұйымның атауы _____

жылғы 31 желтоқсанда аяқталатын жыл үшін

мың теңгеде

Көрсеткіштердің атауы	Жол коды	Есепті кезеңге	Алдағы кезеңге
Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін түсім	010		

Өткізілген тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	011		
Жалпы пайда (залал) (010-жол – 011-жол)	012		
Сату бойынша шығыстар	013		
Әкімшілік шығыстар	014		
Операциялық пайда жиыны (залал) (+/- 012-014 аралығындағы жолдар)	020		
Қаржылық кірістері	021		
Қаржылық шығыстары	022		
Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы (залалындағы) ұйымның үлесі	023		
Өзге кірістер	024		
Өзге шығыстар	025		
Салық салғанға дейінгі пайда (залал) (+/- 020-025 аралығындағы жолдар)	100		
Табыс салығы бойынша шығыстар (-) (кірістер (+))	101		
Салық салғаннан кейін жалғасатын қызметтен түсетін пайда (залал) (100-жол + 101-жол)	200		
Салық салғаннан кейін тоқтатылған қызметтен түсетін пайда (залал)	201		
Мыналарға қатысты бір жылғы пайда (200-жол + 201-жол):	300		
негізгі ұйымның меншік иелері			
бақыламайтын меншік иелерінің үлесі			
Өзге де жиынтық табыс, барлығы (420 және 440 сома):	400		
оның ішінде:			
өзге де жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған борыш қаржылық құралдарды қайта бағалау	410		
үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық табысындағы (залалындағы) үлесі	411		
мерзімі кейінге қалдырылған табыс салығы мөлшерлемесін өзгеру әсері	412		
ақша ағындарын хеджирлеу	413		
шетелдік ұйымдарға инвестициялар бойынша бағамдық айырма	414		
шетелдік операцияларға таза инвестицияларды хеджирлеу	415		

өзге жиынтық табыстың өзге де құрауыштары	416		
пайда (залал) құрамында қайта жіктеу кезіндегі түзету	417		
өзге де жиынтық табыс құрауыштарының салықтық әсері	418		
Кейінгі кезеңдерде (табысқа салынатын салықты шегергендегі) кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктелген өзге де жиынтық табыстың жиынтығы (410-418 аралығындағы жолдардың сомасы)	420		
негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау	431		
үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық табысындағы (залалындағы) үлесі	432		
зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда (залал)	433		
өзге де жиынтық табыс құрауыштарының салықтық әсері	434		
өзге де жиынтық табыс арқылы әділ құнмен бағаланған үлестік қаржылық құралдарды қайта бағалау	435		
Кейінгі кезеңдерде (табысқа салынатын салықты шегергенде) кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктеуге жатпайтын өзге де жиынтық табыстың жиынтығы (431-435 аралығындағы жолдардың сомасы)	440		
Жалпы жиынтық табыс (300-жол + 400-жол)	500		
Мыналарға тиесілі жалпы жиынтық табыс:			
негізгі ұйымның меншік иелері			
бақыламайтын меншік иелерінің үлесі			
Акцияға арналған пайда:	600		
оның ішінде:			
Акцияға арналған базалық пайда:			
жалғасатын қызметтен			
тоқтатылған қызметтен			
Акцияға арналған ажыратылған пайда:			
жалғасатын қызметтен			
тоқтатылған қызметтен			
Атауы _____			

	Мекенжайы _____		

_____	_____
_____	_____

Телефоны _____

Электрондық пошта мекенжайы _____

Орындаушы _____

тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда) қолы, телефон

Басшы

_____ (қолы) (тегі,
аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Бас бухгалтер

_____ (қолы) (тегі,
аты, әкесінің аты (ол болған жағдайда)

Мөр орыны _____ жылғы " ____ " _____

"Пайда мен залал туралы есеп" (№ 2-ОПУ, жылдық) -өтеусіз негізде әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме

1) "Пайдалар мен залалдар туралы есеп" нысаны "Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 5-тармағының 18-1) тармақшасына сәйкес әзірленді;

2) "Пайдалар мен залалдар туралы есеп" нысанын жария мүдделі ұйымдар қаржы жылының нәтижелері бойынша бағдарламалық қамтым арқылы электрондық форматта қаржылық есептілік депозитарийіне береді. "Пайдалар мен залалдар туралы есепке" ұлттық куәландырушы орталық берген ұйымның электрондық цифрлық қолтаңбасымен қол қойылады. Қаржылық есептілік депозитарийіне берілетін есептің электрондық форматы оны құрылтайшылар бекіткеннен кейін қалыптастырылады және есепті жылдан кейінгі жылдың 31 тамызынан кешіктірмей ұсынылады. Осы нысанды жүргізудің негізгі міндеті "Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы" Қазақстан Республикасының Заңының сақталуына мониторингті жүзеге асыру болып табылады;

3) Нысан мынадай түрде толтырылады:

"Көрсеткіштер атауы" деген бағанда мыналар көрсетіледі:

010 "Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін түсім" деген жолда ШҮЖ 6000 – "Өнімдерді, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін кіріс" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі.

011 "Өткізілген тауарлардың, жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны" деген жолда ШҮЖ 7000 – "Өткізілген өнімнің, жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

6 және 7-бөлімдердің шоттарындағы сальдо сомасы ШҮЖ 5710 – "Қорытынды пайда (қорытынды залал)" шоты жабылған сәтіне дейін анықталады;

012 "Жалпы пайда (залал)" деген жолда 010 және 011-жолдардың айырмасы көрсетіледі;

013 "Сату бойынша шығыстар" деген жолда ШҮЖ 7100 – "Өнімді сату және қызметтер көрсету бойынша шығыстар" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

014 "Әкімшілік шығыстар" деген жолда ШҮЖ 7200 – "Әкімшілік шығыстар" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

020 "Операциялық пайда жиыны (залал)" деген жолда 012-014 аралығындағы жолдардың сомасына (+/-) тең;

021 "Қаржы кірістері" деген жолда ШҮЖ 6100 – "Қаржыландырудан түсетін кіріс" деген кіші бөлімнің шоттары және 6280 – "Қаржылық активтер бойынша құнсызданудан залалды қалпына келтіруден алынатын кірістер" шоты бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

022 "Қаржы шығыстары" деген жолда ШҮЖ 7300 – "Қаржыландыруға арналған шығыстар" деген кіші бөлімнің шоттары және 7470 – "Қаржы құралдарының құнсыздануынан болатын шығыстар" шоты бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

023 "Үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы (залалындағы) ұйымның үлесі" деген жолда ШҮЖ 6400 – "Үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін ұйымдар пайдасының үлесі" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасын алып тастағаннан кейін ШҮЖ 7600 – "Үлестік қатысу әдісімен ескерілетін ұйымдардың залалдағы үлесі" деген кіші бөлімнің шоттары бойынша сальдо сомасы көрсетіледі;

024 "Өзге кірістер" деген жолда ШҮЖ 6200 – "Өзге кірістер" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша (6280 – "Қаржылық активтер бойынша құнсызданудан залалды қалпына келтіруден алынатын кірістер" шотын қоспағанда) сальдо сомасы көрсетіледі;

025 "Өзге шығыстар" деген жолда ШҮЖ 7400 – "Өзге шығыстар" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша (7470 – "Қаржы құралдарының құнсыздануынан болатын шығыстар" шотын қоспағанда) сальдо сомасы көрсетіледі;

100 "Салық салғанға дейінгі пайда (залал)" деген бағанның мәні: 020- 025 аралығындағы жолдардың (+/-) көрсетіледі;

101 "Табыс салығы бойынша шығыстар (-) (кірістер (+))" деген жолда ШҮЖ 7700 – "Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар" деген кіші бөлімнің шоттарындағы сальдо көрсетіледі;

200 "Салық салғаннан кейін жалғасатын қызметтен түсетін пайда (залал)" деген жолда мәнінде 100 және 101-жолдардың сомасы көрсетіледі;

201 "Салық салғаннан кейін тоқтатылған қызметтен түсетін пайда (залал)" деген жолда ШҮЖ 6300 – "Тоқтатылатын қызметке байланысты кірістер" деген кіші бөлімнің және 7500 – "Тоқтатылатын қызметке байланысты шығыстар" деген кіші бөлімнің тиісті шоттары бойынша айырма көрсетіледі;

300 "Бір жылғы пайда" деген жолда мәні 200 және 201-жолдардың сомасына тең, ол мыналарға қатысты:

негізгі ұйымның меншік иелеріне;

бақыламайтын меншік иелерінің үлесіне;

400 "Өзге де жиынтық табыс, барлығы" деген жолда мәні 400-ге тең (420 және 440 жолдардың сомасы):

оның ішінде:

410 "өзге де жиынтық табыс арқылы әділ күнмен бағаланған борыш қаржылық құралдарды қайта бағалау";

411 "үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық табысындағы (залалындағы) үлесі";

412 "мерзімі кейінге қалдырылған табыс салығы мөлшерлемесін өзгеру әсері";

413 "ақша ағындарын хеджирлеу";

414 "шетелдік ұйымдарға инвестициялар бойынша бағамдық айырма";

415 "шетелдік операцияларға таза инвестицияларды хеджирлеу";

416 "өзге жиынтық табыстың өзге де құрауыштары";

417 "пайда (залал) құрамында қайта жіктеу кезіндегі түзету";

418 "өзге де жиынтық кіріс құрауыштарының салықтық әсері";

420 "Кейінгі кезеңдерде (табысқа салынатын салықты шегергендегі) кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктелген өзге де жиынтық табыстың жиынтығы" (410-418 аралығындағы жолдардың сомасы);

431 "негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді қайта бағалау";

432 "үлестік қатысу әдісі бойынша есепке алынатын қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің өзге де жиынтық табысындағы (залалындағы) үлесі";

433 "зейнетақы міндеттемелері бойынша актуарлық пайда (залал)";

434 "өзге де жиынтық кіріс құрауыштарының салықтық әсері";

435 "өзге де жиынтық табыс арқылы әділ күнмен бағаланған үлестік қаржылық құралдарды қайта бағалау";

440 "Кейінгі кезеңдерде (табысқа салынатын салықты шегергенде) кірістерге немесе шығыстарға қайта жіктеуге жатпайтын өзге де жиынтық табыстың жиынтығы" (431-435 аралығындағы жолдардың сомасы);

500 "Жалпы жиынтық табыс" деген жолда мәні 300 және 400 жолдардың сомасы көрсетіледі;

Мыналарға тиесілі жалпы жиынтық табыс:

